

Алматы қаласының мәртебесі және оны одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 20 қазандағы N 3698

Қазақстан Республикасының астанасын көшіруге байланысты Алматы қаласын ғылыми, мәдени, тарихи, қаржы және өндіріс орталығы ретінде сақтау және дамыту мақсатында және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 9-бабына сәйкес қ а у л ы е т е м і н :

1. Алматы қаласы Республика Парламенті мен Үкіметі Ақмола қаласына көшкен сәттен бастап республикалық маңызы бар қалалардың санатына жатқызылсын.

2. Коммуналдық меншік болып табылатын объектілерге және Алматы қаласының аумағында тіркелген ұйымдардың, дербес жоба бойынша жекешелендірілетін ұйымдарды қоспағанда, акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және билік ету өкілеттігі Алматы қаласының атқарушы органына берілсін.

3. Алматы қаласының аумағында жаңа жұмыс орындарын құру және қоғамдық жұмыстарды қамтамасыз ету үшін Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорынан қажетті көлемде қаражат бөлінуі қамтамасыз етілсін.

4. Алматы қаласының көтеріңкі сейсмикалық аймақта орналасқандығын ескере отырып, кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті құрау кезінде Алматы қаласының үйлері мен ғимараттарын, мәдени-тарихи ескерткіштерін сейсмикалық жағынан күшейту жөнінде қайта жаңартуды жүргізу үшін қаражат бөлу к ө з д е л с і н .

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде:

1) мынадай Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларын әзірлеп, белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізсін:

"Алматы қаласының мәртебесі туралы"; Z980258

Алматы қаласының өкілді органына Алматы қаласының аумағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін айыппұл алу мөлшері мен тәртібін белгілеу құқығын беру бөлігінде "Қазақ ССР-нің әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы";

Алматы қаласының Жол қорын құру бөлігінде "Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар е н г і з у т у р а л ы " ; Z 9 8 0 2 3 1

2) Алматы облысы мен Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп белгіленген тәртіппен Алматы қаласының қала маңы аймағындағы жерлерді тиімді пайдалану м ә с е л е с і н қ а р а с ы н ;

3) қала аумағындағы Алматы қаласының коммуналдық меншігіне берілуге тиіс республикалық мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесін бекітсін; Р981141

4) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына Алматы қаласының атқарушы органына қала аумағында жүзеге асырылатын мынадай қызмет түрлерін:

т у р и с т і к қ ы з м е т т і ;

жергілікті лотереяларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті;
өндірістік және тұрғын үй-азаматтық объектілерді зарарсыздандыру мен дезодорациялау жөніндегі қызметті;

м а л д ә р і г е р л і г і қ ы з м е т і н ;

шетел жұмыс күшін тарту, сондай-ақ Алматы қаласынан жұмыс күшін әкетумен б а й л а н ы с т ы қ ы з м е т т і ;

жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау жөніндегі қызметті;
медициналық және мал дәрігерлік практикамен айналысуды;
нақты мамандықтар бойынша дипломдар беруге құқығы бар орта және арнаулы орта білім беретін оқу орындарының қызметін лицензиялау құқығын беру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

6. Алматы қаласының әкімі:

1) Алматы қаласын экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамыту үшін бюджеттен тыс қаражатты жинақтау мақсатында Алматы қаласы әкімінің жанынан қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін көздердің есебінен қаржыландырылатын бюджеттен тыс қор құру туралы мәселені қарасын;

2) екі ай мерзімде коммуналдық меншік объектілерінің тізбесін бекітсін;

3) республикалық маңызы бар қала мәртебесін ескере отырып, Алматы қаласын республиканың ғылыми, мәдени қаржы және өндірістік орталығы ретінде қалыптастыруға бағытталған нақты іс-шаралардың басым бағыттары мен күнтізбелік тізбесін айқындап, Алматы қаласын дамытудың мақсатты кешенді бағдарламасын ә з і р л е с і н ;

4) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп республикалық және жергілікті мүдделердің тиімді үйлесуін ескере отырып, Алматы қаласы бюджетінің кіріс және шығыс бөліктерін теңдестіруді жүргізсін;

5) Алматы қаласын басқарудың кестесін әзірлеп, бір ай ішінде бекітуге енгізсін, басқару аппаратын оңтайландыруды жүргізсін. Алматы қаласының жаңа міндеттері мен мәртебесін ескере отырып, оның жұмыс істеуінің тиімділігін арттыру жөнінде п ә р м е н д і ш а р а л а р қ о л д а н с ы н ;

6) заңды және жеке тұлғалардың Алматы қаласының рәміздерін өздерінің фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, тауар белгілерінде және т.б.

пайдаланғаны үшін алым алудың тәртібі мен мөлшерін бекітсін.

7. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е з и д е н т і

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ